

БОРАНБАЕВА АЙНҰР ҚАНАТҚЫЗЫ
6D051700 – «Инновациялық басқару» мамандығы бойынша
Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
**«Қазақстанның аграрлық секторындағы технологиялар трансфері
процесін басқару» тақырыбындағы диссертациясына**

АҢДАТПА

Диссертациялық зерттеу жалпы сипаттамасы. Диссертациялық зерттеу еліміздің аграрлық секторына технологияларды трансферлеу процесін басқаруға арналған инновациялық модельді ұсыну мақсатында жүргізілген.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстанның өркендеуінің басым бағыты ретінде ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтің «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына жолдауында біздің болашақтағы басты бағыттарымыздың бірі ауыл шаруашылығы бәсекелестігін арттыру маңызды екендігін, бірақ ауа-райының қолайсыздығы салдарынан елімізде ауыл шаруашылығы саласында түйткілді мәселелер артқанын ерекше атап өтті. Мұндай мәселелерді шешуде, әлемдік тәжірибеде жаңа технологиялық мүмкіндіктер қолданылуда. Әсіресе, үдерістерді цифрландыру, мәлімет жинау және оны автоматтандыру ауыл шаруашылығының жүйелі жұмыс істеуіне әсер етеді деп түйіндеді. Осы бағыттарда Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы жұмыс істеуде. Сондықтан инновациялық даму, технологияларды трансферлеу және ұйымдардың инновациялық қызметін коммерциализациялау қазіргі заманғы экономикадағы ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Қазақстанның өркендеуінің басым бағыты ретінде жаңа технологиялар аграрлық сектордың жұмыс істеу процесстерін түбегейлі өзгертуде. Отыз елдің қатарына қосылу бойынша бес басымдықтың бастысы ретінде экономиканы жеделдетілген технологиялық жаңғыртылуы мен цифрлық технологияны қолдану арқылы өркендеудің жаңа сатысына өтетініміз әрдайым айтылуда. Осыған байланысты еліміздің аграрлық секторына жаңа технологиялар трансферін басқару мәселесі және бұл тақырып аясында теориялық және тәжірибелік зерттеулердің жеткіліксіздігі тақырыптың маңыздылығын арттырады.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты Қазақстанның аграрлық секторын дамыту үшін технологиялар трансфері процесін басқарудың теориялық және әдістемелік аспектілерін зерттеу негізінде ғылыми-тәжірибелік ұсыныстарды әзірлеу.

Зерттеу міндеттері. Осы мақсатқа жету үшін зерттеу барысында келесідей **міндеттер** анықталды:

- 1) технологиялар трансфері процесін басқарудың теориялық-әдістемелік негіздерін кешенді зерттеу;
- 2) аграрлық секторға технологиялар трансферінің озық шетел тәжірибелерін талдау негізінде оларды елімізде қолдану мүмкіндігін

қарастыру;

- 3) Қазақстанның аграрлық секторының ағымдық жағдайын талдау негізінде технологияны трансферлеу процесіне әсер етуші факторларды айқындау;
- 4) Ауыл шаруашылықтарында сауалнама жүргізу негізінде, аграрлық секторға технологиялар трансфері процесін басқару моделін құрастыру;
- 5) Қазақстан Республикасының аграрлық секторына технологияларды трансферлеудің болашақта даму бағыты бойынша ғылыми-тәжірибелік ұсыныстар ұсыну.

Зерттеу әдістері. Диссертациялық жұмыста абстракция, экономика-математикалық, графикалық, монографиялық, библиометрикалық, логикалық әдістер, SWOT-талдау, сандық және сапалық талдау әдістері, салыстыру, синтез қолданылды. Сапалық талдау сауалнама арқылы жүргізіліп, нақты мәліметтер алынып, талданылса, ал сандық мәліметтер факторлар арасындағы байланысты экономикалық-математикалық құралдар арқылы талдау жүргізілді. Мәліметтерді өңдеуде заманауи статистикалық әдістер, оның ішінде мәліметтерді өңдеу программалары Smart PLS, Atlas ti және SPSS бағдарлама пакеттері пайдаланылды.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы. Зерттеу барысында диссертацияның ғылыми жаңалығын анықтайтын келесі қорытындылар алынды:

- классикалық және неоклассикалық мектеп өкілдерінің теориялық тұжырымдамаларын терең зерттеу негізінде «ауыл шаруашылығына технологияны трансферлеу» және «технология трансферін басқару» ұғымдарына автордың өзіндік көзқарасы берілді;
- жаңа қалыптасқан экономикалық жағдайға сәйкес ауыл шаруашылығындағы инновациялық прогрессті өлшеуші факторлар мен жандандыру жолдары және осы секторға технологияны трансферлеу процесінің үлгісі әзірленді;
- технологиялар трансферленген ауыл шаруашылықтарында сауалнама жүргізу негізінде, аграрлық секторға технологияны трансферлеу процесін басқару моделі ұсынылды;
- еліміздің аграрлық секторына технологияларды трансферлеудің төрт буынды интеграциялық құрылымы ұсынылды;
- Қазақстанның аграрлық секторына технологияларды трансферлеу процесіндегі, қазіргі таңдағы ішкі және сыртқы факторлары ескеріле, жоспарлы стратегиялық бағыттары ұсынылды.

Қорғауға шығатын негізгі тұжырымдар:

- Шетелдік және отандық ғылыми еңбектерді зерделеу негізінде, ауыл шаруашылығына технологияны трансферлеу және технология трансфері процесін басқару ұғымдарына автордың өзіндік көзқарасының берілуі;
- Жаңа қалыптасқан экономикалық жағдайға сәйкес ауыл шаруашылығындағы инновациялық прогрессті өлшеуші факторлар мен жандандыру жолдары және еліміздің ауыл шаруашылығына технологияны трансферлеу процесінің әзірленуі;

- Қазақстанның аграрлық секторының ағымдық жағдайын талдау негізінде технологияны трансферлеу процесіне әсер етуші факторларды анықтау;
- Ауыл шаруашылықтарында сауалнама жүргізу негізінде, аграрлық секторға технологияны трансферлеу процесін басқару моделінің құрылуы;
- Қазақстанның аграрлық секторына технологияларды трансферлеу процесін қазіргі таңдағы өзгерістерге сәйкес дамытудың басым бағыттарын жетілдіру бойынша ұсыныстарының берілуі.

Зерттеу нәтижесінің теориялық және тәжірибелік мәні. Диссертациялық жұмыстың бірінші бөлімінде технологияны трансферлеу процесін басқару ұғымы, басқару құралдары және қолданыстағы басқару модельдері шетел және отандық әдебиеттер негізінде анықталынды. Сонымен бірге бұл бөлімде дамыған және дамушы мемлекеттердің аграрлық секторда технологияларды трансферлеудің озық тәжірибелері қарастырылды. Диссертациялық жұмыстың екінші бөлімінде, триангуляциялық, яғни статистикалық, сандық және сапалық әдістер арқылы аграрлық секторға технологияларды трансферлеу кезінде кедергілер және оларды басқару әдістері мен моделі ұсынылды. зерттеу нәтижесінде Қазақстанның аграрлық секторына технологияларды трансферлеуге кері әсер ететін бірнеше факторларды анықтау арқылы, эксперттердің көз қарасы негізінде еліміздің аграрлық секторына SWOT-тық талдау жүргізілді. Үшінші бөлімде осы талдаулар ескеріле еліміздің аграрлық секторына технологияларды трансферлеудің төрт буындық интеграциялық құрылымының керектігі анықталып, ұсынылды. Сонымен қатар болашақта еліміздің аграрлық секторына технологияны трансферлеудің стратегиялық басым бағыттары құрастырылды. Жүргізілген барлық зерттеулер аграрлық секторға технологияларды трансферлеуді тиімді басқару әдістерін көрсетті. А.Қ.Боранбаеваның диссертациялық зерттеуі отандық ауыл шаруашылығына технологиялар трансфері процесін басқару бойынша ұсыныстары елімізде орнықты ауыл шаруашылығын құруда маңызды үлесін қосады. Ізденушімен жүргізілген зерттеулер ғылыми жаңалық пен тәжірибелік маңыздылықтың жоғары дәрежесіне ие. Диссертациялық зерттеу нәтижелері аграрлық секторды инновациялық-технологиялық жарақтандыру бағытына арналған еліміздің болашақ стратегиялық жоспарларын құруға бірнеше ұсыныстар ұсынады. Сонымен бірге, зерттеу нәтижесінде алынған технология трансфері процесін басқару моделі отандық «ҚазМясо» ЖШС-нің өнімділікті арттыру бағытында жасалып жатқан жоспарлы қызметінде пайдаланылды. Диссертациялық жұмыста көрсетілген аграрлық секторға технологияларды трансферлеудің басты стратегиялық бағыттары Кеген ауданының ауыл шаруашылығының инновациялық бағыттағы даму жоспарына енгізілді.

Жалпы диссертацияда қарастырылған негізгі теориялық ұйғарымдар технология трансфері процесін басқаруды жетілдірудің жаңа бағытын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Диссертацияда әзірленген ғылыми-негізделген ұсыныстар Қазақстанның аграрлық секторының технологиялық жарақтандырылуын қамтамасыз етіп, аграрлық секторға технологиялар трансфері процесін тиімді басқаруға

мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижесінде алынған қорытындылар мен дайындалған әдістемелік ұсыныстарды жоғары оқу орындарындағы оқу үдерісінде, атап айтқанда студенттердің зерттеу жұмыстарын жүргізуде сапалық және сандық әдістерді студенттерге оқытуда қолдануға болады және «Инновациялық менеджмент», «Стратегиялық жоспарлау», «Мемлекеттік және жергілікті басқару жүйесіндегі инновациялар», «Инновацияларды коммерцияландыру стратегиялары мен жүйелері», «Инновациялық және венчурлық бизнес», «Инновациялық жобаларды басқару әдістемесі» және «Инновациялық компанияның стратегиялық дамуы» курстары бойынша оқу процесінде пайдалануға болады. Сонымен бірге, зерттеу нәтижелері Қазақстанның аграрлық секторының инновациялық-технологиялық дамуына негіз бола алады.

Докторанттың әр жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы. Диссертация тақырыбы бойынша 10 ғылыми еңбек жарияланды, оның ішінде Scopus деректер базасына кіретін Q2 квантиліне енетін 75 процентильден жоғары журналдарда -2, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен журналда-4, Халықаралық конференция материалында -3, біреуі шетелде өткен халықаралық конференцияда және 1 – MDP Project журналында жарияланды. Олардың қатарына:

1. «The interplay of access to organisational resources, firm innovativeness, and cooperative norms in technology transfer: testing a moderated mediation model» атты мақалада шетелдік технологиялар трансферленген Қазақстанның аграрлық секторындағы жүз елуден астам менеджерлерден сауалнама жүргізіліп, нәтижесінде технология трансфері процесін басқару моделі ұсынылды. Бұл мақала Taylor and Francis базасына енетін Q2 квантиліне енетін «Technology Analysis and Strategic Management» жарияланды.
2. «Management of successful technology transfer in agriculture: the case of Kazakhstan» атты мақаладағы зерттеудің мақсаты-Қазақстан үлгісінде дамушы елдердің ауыл шаруашылығында технологияларды тиімді трансферлеу үшін стратегиялық бағыттарды анықтау. SWOT-талдау "ішкі факторларды бағалау", "сыртқы факторларды бағалау", "стратегиялық ұстаным мен іс-қимылды бағалау" және "сандық Стратегиялық жоспарлау" матрицаларын сұхбат барысында алынған бастапқы деректер және есептерден алынған қайталама деректер негізінде талдамалық әдістер ретінде пайдалана отырып жүргізілді. Нәтижесінде еліміздің аграрлық секторына технологияларды трансферлеу кезінде әсер етуші сыртқы және ішкі факторлар анықталынып, еліміздің аграрлық секторына технологияны трансферлеудің стратегиялық даму бағыттары ұсынылды.
3. «Қазақстан мемлекетіне тартылған тікелей шетелдік инвестициялардың ағымдағы үрдістерін талдау» атты мақалада авторлар Қазақстанға шетелдік тікелей инвестициялардың (ТШИ) ағындарын тарту процесін зерттеуге тырысты. Себебі тікелей шетелдік инвестициялар технологияны трансферлеудің арнасы болып табылады. Зерттеу жұмысында Қазақстан Республикасы Статистика комитетінің және БҰҰ Сауда және даму

жөніндегі комитетінің талдамалық деректері пайдаланылды. Бұдан басқа, мақалада ТМД кеңістігінде ТШИ тарту мәселесі де қарастырылды. Деректерді мұқият талдау негізінде Қазақстан экономикасына шетелдік инвесторлардың қызығушылығын тудыратын басым секторларды, сондай-ақ республикадағы ТШИ өсуіне ықпал ететін жобаларды анықтауға мүмкіндік берді. Талдаудың тәжірибелік маңыздылығы қолайлы инвестициялық климатты қамтамасыз ету және Қазақстандағы инвестициялық ағымдарды реттеудің жетілдіру жолдарын анықтау болып табылады.

4. «Theoretical aspects of technology transfer research for the innovative development of the national economy» атты мақалада авторлар технологияларды трансферлеу арқылы инновациялық бағыттағы экономиканы дамыту процесстерін қарастырады. Инновациялық қызметтің мәнін зияткерлік әлеуетті пайдалану тиімділігін арттыру арқылы әлеуметтік-экономикалық тиімділікті барынша арттыру жолдарын анықтады. Сондай-ақ, инновациялық процестерді жетілдіру көзі ретінде технологиялар трансферін және инновациялық инфрақұрылымды жетілдіру жолдары ұсынылды.
5. «Эффективное развитие и улучшение технологической оснащенности агротехнологий Казахстана путем применение мирового опыта» атты мақалада шетелдік тәжірибе негізінде ауыл шаруашылығы секторында инновациялық қызметті дамытуды және Қазақстанда ауыл шаруашылығы өндірісін өсіру үшін жаңа технологияларды пайдаланудың негіздемесі қарастырылды. Жүргізілген талдау озық елдердегі агротехнологияның даму үрдістерін қадағалауға, сондай-ақ проблемаларды анықтауға және Қазақстанда ауыл шаруашылығы технологияларын енгізуді жақсарту үшін практикалық ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік береді. Осы зерттеу Қазақстанның ауыл шаруашылығын дамытудың стратегиялары мен тұжырымдамаларында қолдану үшін қорытындылар мен ұсынымдар жасауға мүмкіндік берді.
6. «Қазақстан экономикасының инновациялық даму көрсеткіштері мен инвестициялары арасындағы байланысты талдау» атты мақалада Қазақстан халқының өмір сүру деңгейін арттыруға, жылдам экономикалық өсуді қамтамасыз етуші технологияларды трансферлеудің негізгі көздері мен арналары, зерттелініп статистикалық мәліметтер негізінде инвестициялар мен патенттер арасындағы байланыстар зерттелінді. Нәтижесінде технологияларды трансферлеу арналары мен нәтижелі көрсеткіштер арасында байланыстардың төмендігі анықталды.
7. «Sustainable Agriculture: Developing a Conceptual Model for Technology Transfer» атты мақалада ауыл шаруашылығының әлемдік экономикадағы маңызы, халық үшін маңызы көрсетілді. Бірақ табиғи ресурстар мен қоршаған ортаның өзгерісі негізінде ауыл шаруашылығының қазіргі жағдайының тұрақсыз екендігі көрсетілді. Соған сәйкес орнықтылық ұғымының мәні түсіндірілді. Тұрақты болу үшін ауыл шаруашылығы өнімділікті арттыра отырып, қоршаған ортаны сақтап, халықтың әлеуметтік

жағдайын жақсарту қажет. Ал сол орнықты ауыл шаруашылығына қол жеткізу көзі ретінде технология трансферінің маңыздылығы ерекше ескерілді. Нәтижесінде орнықты даму перспективасын ескере отырып, ауыл шаруашылығы секторында қолдану үшін технологияларды трансферлеудің тұжырымдамалық моделі әзірленді.

8. «Экономиканың инновациялық бағытта дамуына тікелей шетелдік инвестициялардың рөлі» атты мақалада Қазақстан Республикасында инновациялық дамуының негізгі себептеріне зерттеу және талдау жүргізілді. Сонымен бірге, тікелей шетел инвестициясының Қазақстан экономикасының инновациялық бағытта дамуына әсері қарастырылған. Жаһандық инновациялық индекстердің және инвестициялар арасындағы байланысы талданып, еліміздің инновациялық дамуындағы кемшіліктер мен артықшылықтары көрсетілген.
9. «Технологияны трансферлеуде технология мүмкіндіктерін бағалаудың маңызы» атты мақалада әлемдік экономиканың дамуының қазіргі кезеңінде технологиялар трансфері экономикалық даму көздерінің бірі болып табылатындығы нақты деректер арқылы көрсетілді. Әрбір кәсіпкерлік өз технологиялық мүмкіндіктерін ескере отырып, өндіріс пен инновациялық саясатты ұйымдастыруға қатысты өз көзқарастарына сай технологияларды трансферлеуде. Технологиялық мүмкіндіктер қысқа уақыт аралығында ұйымның дамуына ықпал ететіндігі расталды.
10. «Technology transfer in agriculture» мақаласы Қазақ Ұлттық Университетінің жобасындағы MDP Project журналында жарияланды. Бұл мақалада әдебиеттерді сараптау әдістерін қолдана отырып технология трансферлеудің орнықты ауыл шаруашылығындағы маңызы көрсетілді.